

«Мәдениеттің ең қажеттісі – кітапхана, институттар, университеттер болмаса да кітапхана болған жерде мәдениет еш уақытта өшпейді»

Лев Николаевич Гумилев

Қарт Ертіс өңірі – алтын бесігіміз, туған жер, Ұлы бабалар мекендеген киелі жер рухынан нәр алған – бір ғасырдан аса тарихы бар көне шаңырағымыз – С.Торайғыров атындағы облыстық ембебап ғылыми кітапханаға 120 жыл.

Талай тарихи кезеңдерді бастан кешкен өңірдегі көне кітапхананың өмірнамасы 1892 жылдан бастама алады. Тарихи құжатта айтылғандай, сол кездегі қалалық Думаның шешімімен 1-ші гильдиялық көпес Артемий Деров пен басқа да жергілікті меценаттардың қаржысына меншікті үйде орналасқан «ақысыз қалалық көпшілік кітапхана оқу залы» ашылған, ал 1896 жылы кітапхана уездік болды, өйткені, Павлодар сол кезде Семей губерниясының уездік қаласы болып қалған еді. Дәл сол жыл (яғни, 1896) облыстық кітапхананың туған жылы деп саналады. Бір ғасырлық тарих ішінде негізгі оқиғалар – бірінші бүкіләлемдік соғыс, қазан төңкерісі, азаматтық соғыс, коллективтендіру, Ұлы Отан соғысы, тың игеру, тоқырау жылдары, қайта құру жылдары орын алды.

Облыстық кітапхана – өзінің ғасырлық тарихында нағыз кітап қазынасына айналды. Мазмұны жағынан қайталанбас баспа жинағын қалыптасырды. Кітап қоры 500 мың данадан аса, оның ішінде 100 мыңнан аса қазақ классиктерінің, қоғамдық-саяси, философия, тарих, тіл білімі, әдебиеттану, өнер және өлкетану тақырыптары бойынша басылымдарды құрайды. Қордағы сирек кітаптың орны бөлек. Онда ескі басылымдар, қайталанбайтын, көздері тірі кезде жарияланған әдебиет, ғылым мен өнер классиктерінің қолтаңбалары бар кітаптар, қазақ және орыс тіліндегі тарихи құжаттар жинақталған. Осы

ресурстары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде толықтырылады.

Жаңа оқырмандарды тартуда, оларға жедел ақпарат беруде өте маңызды роль атқаратын – Facebook, Vkontakte, Twitter, Instagram әлеуметтік желілерде кітапхана қызметі көрсетілген.

2006 жылдан бері мемлекеттік тіл саясаты шеңберінде «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени

Оқырмандардың көркемдік талғамын дамыту, әдебиет, өнер және мәдениет саласындағы ақпаратпен танысу шаралары, танымдық кештер өткізіліп, көрмелер ұйымдастыруда. «Айна» галереясы, «Визит» әдеби-музыкалық қонақжайы, «Мастерица» және т.б. клубтар жұмыс жасауда. Сонымен

ҒАСЫРДАН АСА ТАРИХЫ БАР КІТАП ШАҢЫРАҒЫ



қатар, кітапханада «Айтолқын» әйелдер лекторийі жұмыс істейді.

Қазақстандық патриотизмге, отансүйгіштікке тәрбиелеу, туған өлке тарихын зерттеу және насихаттау аясында «Өлкетану» клубы тарихшыларды, мұражай қызметкерлерін, өлкетанушыларды және туған өлкенің тарихын қызықтыратын барша қауымды ортақтандырады.

Табиғат және қоршаған ортаға ықпалмен қарайтын адамдарды біріктіретін «Экология және өмір» бағдарламасы – экологиялық ағартушылық, экологиялық мәдениетті тәрбиелеу, және оған байланысты мәселелерді көтеруді көздейді. Бұл жоба аясында «Наш очаг», «Фиалочка» клубтары, «Жасыл өлем» эколекторийі жұмыс істейді. Осы жобалар мен бағдарламалар шеңберінде өткізілетін

құжаттар жинақталған. Осы жұмыстар көп жылдан бері «Раритет» бағдарламасы аясында іске асырылуда. Оның мақсаты – сирек және бағалы басылымдарды сақтау, анықтау, насихаттау. Сирек қорда 2000-нан аса басылымдар бар. Олар бірнеше коллекциялардан тұрады: XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы; Кеңес Одағы кезіндегі басылымдар (30-40 жж. аралығы); Қазақ баспасөзі, Қазақстан туралы әдебиеттер (қазақ тілінде, орыс тілінде); қолтаңбалы кітаптар – автографтар; көркемдігі жоғары басылымдар; факсимильді және репринтті басылымдар; миниатюралық кітаптар. Сирек кітаптар қоры соңғы жылдары XVIII – XIX ғғ. басылған 10 шақты кітаптармен толықтырылды.

Тәуелсіздік жылдары қазақстандық жолдың негізгі құндылықтары – бостандық, бірлік, тұрақтылық, өркендеу негіздері қалыптасты. Бұл тезисті еліміздің жетістіктері, нақты мысалдары айқындайды. Павлодар облысы кітапханаларының дамуы ерекше орын алып келеді. Қазақстан кітапханалары ішінде С. Торайғыров атындағы Павлодар облыстық кітапхана алдыңғы қатарлы кітапханалардың бірі деп толық айтуға болады.

Қазіргі таңда облыстық кітапхана – Павлодар аймағының ағарту, ғылым мен мәдениетінің даму игілігі үшін жұмыс істейтін ақпараттық мәдени орталық болып келеді. Оқырмандар сұраныстарын қамтамасыз ететін барлық жағдай жасалған. Заманға сай ақпараттық технологиялар базасында жұмыс істейтін инновациялық үлгідегі заманауи мәдени ошақ. Кітапханада жыл сайын пайдаланушылар саны өсуде.

Кітапханада көптеген мәдени жобалар мен бағдарламалар іске асуда. Көп жылдан бері жүргізіліп келе жатқан «Жанашыр» жобасының мақсаты: қорғалмаған топтағы адамдарды әлеуметтік бейімделуге ықпал ету. Осы жоба аясында кітапхана барлық зейнеткерлерге «С компьютером на ты» атты компьютерлік сауаттылық курсын жүргізуде. Қолжетімді компьютерлік курстың беретіні мол. 2014 жылдан бері 100-ден астам зейнеткер-

лер компьютерлік сабақ алды.

«Анықтама» орталығында оқырмандардың ақпараттық-құқықтық сұраныстарын орындауда «Параграф» және «Заң» құқықтық деректер қоры үлкен роль атқарады. Орталықта әлеуметтік қорғалмаған топтар мүшелері, мемлекеттік, заң қызметкерлері, әр саладағы мамандар көмек алады. Келушілер ҚР Парламенті, электронды үкімет, Павлодар облысының әкім сайттарын, әкім блогын пайдалана алады. Оқырмандардың телефон арқылы анықтама алуға мүмкіндіктері бар. Интернет жүйесіне қатынауға толық жағдай жасалған.

Облыстық кітапханада 4 Интернет жоба бар: – ресми сайт www.pavlodarlibrary.kz, бұл сайтта ресми жедел жаңалықтардан басқа, кітап мерзімін ұзарту, «Павлодар өңірі» электронды кітапханаға қатынауға, бір ай, жұма ішінде болатын шаралардың жоспары жайлы ақпарат алады.

Ертістің Павлодар өңірінің әдеби картасы – (<http://map.pavlodarlibrary.kz>) – бұл Интернет жүйесіндегі ең сұранысты электрондық ресурстардың бірі. Пайдаланушылар ой-пікірлері негізінде студенттер үшін Павлодар өңірінің әдебиеті бойынша курстар жүргізіледі.

«Павлодар – Қазақстанның индустриалды жүрегі» (<http://techno.pavlodarlibrary.kz>). Қарқынды индустриалды-инновациялық даму Веб-ресурсы бағдарламасын насихаттау мақсатында жасалып, қаланың кәсіпорындары, облыстың іске асып жатқан өндірістік саясаты жайлы шұғыл ақпарат беруге бағытталған. Қатынауға мүмкіндік алып, пайдаланушы кітаптардың е - көшірмелерін де пайдалана алады.

«Сұлтанмахмұт Торайғыров» виртуалды энциклопедиясы» (<http://toraygirov.pavlodarlibrary.kz>) жобасы ақынның 120 жылдық мерейтой қарсаңына арналып жасалған. Энциклопедия сандық жүйеге көшірілген авторлық құқық шеңберіндегі ақынның шығармаларынан, әдебиеттану және тарихи материалдардан, библиографиядан тұрады. Кітапхананың жүйелік

жобасын жүзеге асыру барысында «Тілтаным» тілдерді үйрену және дамыту Ресурстық орталығы жұмыс атқаруда. Онда «Тіл өнері» халық университеті, орыс тілі орталығы, Американдық бұрышы көп шаралар ұйымдастырып, келушілердің санын арттыруда.

Соңғы жылдардағы жетістіктеріміз – Республика алғаш рет С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана (2014) отандық РАБИС кітапханалық процестерді автоматтандыру бағдарламасы негізінде – RFID-технологиясын енгізді. Бұл технология одан әрі модернизацияланып, іске асуда. Инновациялық технологияның арқасында электрондық оқырман билеті жасалып, кітап қорын өңдеу жұмыстары автоматты түрде іске асуда. Қазіргі таңда кітапханаға келушілердің 3000-нан астамы электрондық билеттерге ие болды.

Биыл облыстық кітапхананың 120 жылдық мерейтойы және Қазақстан Республикасының 25 жылдығына арналған кезекті жаңа инновациялық жоба іске асты. Бұл «QR-Кітапхана» Павлодар өңірінің қазіргі авторлары жұбасы. Бұл жоба жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде жасалған. «QR-Кітапхана...» Павлодарлық авторлармен кәсіпшарт жасасу арқылы сандық форматқа көшірілген басылымдардан құралған. Қазақстан Республикасы ішінде өлкетану бағытында жасалған алғашқы «QR-кітапхана» болып саналады. Туған өлкесін, оның мәдениеті мен әдебиетіне деген сүйіспеншілік танытатын оқырмандар, жалпы кітапхананы пайдаланушылары үшін бұл үлкен сый болды.

Кітапханада ұлы ғұламалардың есімімен аталған «Торайғыров» пен «Сәтбаев» залдары оқырмандарға қызмет көрсетеді. Бұнда жергілікті ақындар мен жазушылар, ғалымдар, өлкетанушылар, өнер қайраткерлерімен кездесулер, пікір таласулар, есте қаларлық шығармашылық кештер өтуде.

Әдебиет пен өнерді сүюшілердің рухани қарым-қатынасын ұйымдастыру аясында «Кітапхана – мәдениет және бос уақытты өткізу орталығы» бағдарламасы өз жұмысын жыл сайын жандандыруда.

бағдарламалар шеңберінде өткізілетін шаралар келушілердің санын арттыруда үлкен ықпал етеді.

Кітапханада жазғы демалысты белсенді өткізу үшін «Қаладағы демалыс» бағдарламасы мен «Арт-кеңестік» жобалары жүзеге асырылады. Бұл жобалардың мақсаты мәдениетке, әдебиетке, өнерге деген қызығушылықты «кіші» Отанына деген сүйіспеншілік пен патриоттықты тәрбиелеу, Павлодар өңірінің рухани құндылықтарын насихаттау.

«Қаладағы демалыс» бағдарламасы шеңберінде мектеп оқушыларына, студенттерге, жалпы жазда кітапханаға келушілерге жыл сайын «Путешествие мечты: страны мира» үлкен тақырыпты көрме бөздендіріліп, көпшілік шаралар ұйымдастырылып отырады. «Арт-кеңестік» жобасы Павлодардың жастары үшін үлкен шығармашылық жол ашуға зор ықпал етеді. Жоба шеңберінде шебер-сыныптар, поэтикалық театр, актерлік шеберлік, буккроссинг, көрмелер және т.б. шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылып отырады.

120 жыл бойы облыстық кітапхана Павлодар өңірінің рухани және мәдени өмірінің кеңестігі болып келеді. Кітапханада әрқашан әдеби-музыкалық кештер, кітап көрмелерінің тұсаукесерлері, жергілікті қылқалам шеберлерінің көрмелері, кездесулер, журналистер мен жазушылардың мерей тойлары өтетін нағыз әдеби шаңыраққа айналды.

Кітапхананың 120 жылдық мерейтойы Еліміздің Тәуелсіздігінің 25 жылдығына сай келді. Тәуелсіздік жылдары облыстық кітапхана көп жетістіктерге қол жеткізіп, қоғамда ерекше роль атқаратын үлкен мәдени мекемеге айналды. Павлодар өңірінің ағарту, ғылым мен мәдениетінің дамуы үшін еңбек етіп жүрген кітапхана ұжымының үлесі өте зор.

Майя Исакаева,

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың кітапханаларды дамыту бөлімінің сектор басшысы